



«Бекітемін»

Мектеп директоры

Е.Ақшалов

Түзету- дамытушылық жұмыс
Тақырыбы: «Саған хат келді»

Педагог-психолог: Айғараева К

Қызылорда қаласы

Тақырыбы: «Саған хат келді»

Мақсаты: ҰБТ тапсыратын оқушыларға қолдау көрсету үшін ата-аналары эмоциялық хат жазу арқылы ұл, қыздарына мотивация беру, көңіл күйлерін көтеру, артында сенімді тірегі ата-анасы бар екендігін ұғындыру. Балалардың білім алу жолында ата-ананың рөлі аса маңыздылығын ата-аналарға сезіндіру. «ҰБТ-ға дайындық барысында ата-ананың рөлі қандай?» сұрағына ата-ананың жауап іздеуіне ықпал ету.

Жоспары:

1. Ата-аналарымен хабарласып, түсіндірме жұмысын жасау.
2. Ата –ана хаттарын жинақтау. Хатты логативті почта конвертіне салу және ленталап әсемеру.
3. Оқушыларға ата-ана хаттарын табыстау.
4. «Қолдағы хат» жаттығу
5. Кері байланыс.

Психолог: «Сіздерге хат келді?» деп оқушыларға хатты таратып, оқушылардың көңіл күйлеріне назар аударады. Балалардың барлығының хатты оқып болуын күтеді.

«Қолдағы хат» жаттығу

Әрқайсысы өзіне серігін таңдап, қарама - қарсы тұра қалады. Бойы ұзындау бала, көзін жұмып тұру керек. Егер бойлары бірдей болса, кімнің жасы үлкен (туған күні 1 - 2 айға ертерек) бала көзін жұмады. Көзін жұмып тұрған бала қолын алға созып тұрады. Көзі ашық бала соның алақанына хат жаза бастайды, жеке тұрған баспа әріптерді. «Көзін жұмған» ойыншы сол әріптерді табуға тырысып, не оқығанын айтып беру керек.

Оқушылармен кері байланыс болады.

Хаттама

ҰБТ тапсыратын оқушыларға қолдау көрсету үшін ата-аналары эмоциялық хат жазу арқылы ұл, қыздарына мотивация беру, көңіл күйлерін көтеру, артында сенімді тірегі ата-анасы бар екендігін ұғындыру, қолдау көрсету. Балалардың білім алу жолында ата-ананың рөлі аса маңыздылығын ата-аналарға сезіндіру. «ҰБТ-ға дайындық барысында ата-ананың рөлі қандай?» сұрағына ата-ананың жауап іздеуіне ықпал ету мақсатында «Саған хат келді» тақырыбында 2025 жылдың 5 мамыр күні 11 сынып оқушыларына түзету-дамытушылық жұмыс жүргізілді.



Педагог- психолог:

Айғараева К

Стреспен қалай күресуге болады?

